



YESSENOV UNIVERSITY БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫМЕН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ІЗДЕНІСТЕРІ

Набиева Лаззат Иксатовна

*Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инженеринг
университеті,
Ақтау, Қазақстан*

Андатпа. Аталмыш ғылыми мақалада көркемсөз стилистикасы саласындағы ғылыми талдаулардың нәтижелері мен жаңа ізденістер қарастырылады. Көркемсөздің ерекшелігі, оның әдеби тілден айырмашылығы, сондай-ақ, стилистикалық құралдардың қолданылу заңдылықтары мен олардың атқаратын эстетикалық функциясы терең талданады. Көркем мәтіннің жүйелілігі, олардың өзара үйлесімділігі мен біртұтастық сияқты негізгі қырлары талқыланады. Зерттеу барысында көркемсөз тілінің авторлығы көркем бейнені сипаттаудағы рөлі мен көркем мәтіннің құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, заманауи лингвистикалық және стилистикалық әдістердің көркем әдебиеттегі орны ерекше сипатталады. Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде теориялық талдау, жүйелі талдау әдісі, жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға өту үрдісін сипаттайтын ғылымда танымал индукция және дедукция тәсілдеріне сүйенеді. Көркем мәтіндерді талдау арқылы қалай жазушының шығармашылық ойлары мен идеяларын жеткізу шеберлігі ашып көрсетілді. Мақаланың жаңашылдығы мен маңыздылығын білдіретін заманауи технологиялардың, соның ішінде жасанды сананың көркемсөз стилистикасын зерттеудегі рөліне ерекше атап өтіледі. Жасанды сана технологиялары көмегімен мәтінді автоматты түрде талдау, стилистикалық ерекшеліктерді анықтау, семантикалық байланыстарды зерттеу және корпус лингвистикасын дамыту салаларында тиімді құрал ретінде көрсетіледі. Осы аты аталған заманауи әдіс-тәсілдер көркем мәтіндерді жан-жақты аңғаруға, стилистикалық талдау сапасын күшеютуге және автордың идеяларын нақтырақ интерпретациялауға мүмкіндік береді. Автор өз тарапынан мақаланың қорытынды бөлімінде көркемсөз стилистикасын дамытуға, оның ғылыми негіздерін жетілдіруге және технологиялық құралдардың жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталған нақты ұсыныстар береді. Мақала жазу шеңберінде жүргізілген зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы жоғарғы оқу орындарында білім беру мен осы салада ғылыми-зерттеу салаларын жетілдіруге бағытталған. Қолжеткізілген нәтижелер көркем мәтінді



терең талдау әдістемесін жетілдіруге, әдеби шығармаларды оқытуда тиімді тәсілдерді дамытуға негіз бола алады. Сонымен бірге, мақалада алынған ғылыми ой-тұжырымдар заманауи технологияларды қолдана отырып, көркемсөз мәтіндерімен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін ұсынады, бұл әдебиеттанушы, тіл мамандары мен жоғарғы оқу орындарында осы мамандық бойынша білім алып жатқан студенттер үшін құнды материал болып табылады.

Кілтті сөздер: көркемсөз; қазақ тілі; әдебиет; стилистика; жасанды интеллект; технология; лингвистика; эстетика; мәдениетаралық сұхбат; эмоция.

Кіріспе. Көркем әдебиет стилі – тіл білімін зерттеу саласының маңызды бір бағыты болып табылады. Қазақ халқының рухани мол байлығы саналатын әдеби шығармалардағы тілдік ерекшеліктерді, стилистикалық құралдарды зерттеуде көркемсөз стилистикасының орны ерекше екенін айтпасқа болмайды. Көркемсөз әдеби туындылардың эстетикалық құндылығын, жазушының көзқарасын, айтайын деген астарлы ойларын жан-жақты ашып көрсетуге, оны оқырман қауымға түсіндіруге бағытталған. Осы орайда аталмыш мақаланы жазу барасында зерттеу жұмысының алға қойған мақсаты – қазақ тіліндегі көркемсөз стилистикасының ерекшеліктеріне талдау жасау, ғылыми еңбектерді сараптау негізінде жаңа әдіс-тәсілдемелерді анықтау болып табылады.

Бұл зерттеу тақырыбының маңыздылығы қазіргі әдебиеттану мен тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі екені анық. Әдеби көркем тілдің көмегі арқылы қазіргі қоғамның бет-бейнесін, мәдени-тарихи ерекшелігі мен әлеуметтік болмысын айнытпай суреттей білу көркемсөз құдіретіне тікелей байланысты. Сонымен бірге көркемсөз қоршаған ортаның экспрессивті, эмоционалдық қырларын жан-жақты ашып бейнелеуді қамтамасыз етеді. Күнсайын жаңа ғылым техниканың қарыштап дамыған заманында көркем әдебиетті оқуда және зерттеуде жаңа әдістерді қолдануға жол ашылды. Мақаланың өн бойында көркем мәтіндерді талдауда қазіргі заманауи технологиялардың қосатын үлесі қандай? – деген сұраққа жауап іздестіретін боламыз.

Осы орайда мақаланың басты міндеті әдеби стилистика саласындағы ғылыми еңбектер мен заманауи зерттеу еңбектерінің тың нәтижелерін қарастыру болып табылады. Зерттеу барысында көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің қызметі, оқырманға тигізетін әсері мен ұлттық ерекшеліктерді бейнелеудегі рөлі жан-жақты айқындалатын болады. Мақаланың өзектілігі біз өмір сүріп отырған қоғамдағы әдеби көркемсөздің мәдени-әлеуметтік



құндылығын түсінуге және оның стильдік аспектілерін зерттеу саласындағы жаңа ізденістерге мән беруінде жатыр. Мақаланы жазу барысында алынған зерттеу нәтижелері мен қорытындылары болашақта әдебиеттану және тіл білімі саласында жүргізілетін жаңа зерттеулерге жол ашады деп үміттенеміз.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бұл мақаланы жазу кезінде қазақстандық және жақын және алыс шетелдік ғалымдардың көркем әдебиет стилі тақырыбында жазылған ғылыми шығармашылық еңбектеріне жалпылама шолу жасалынды. Сонымен бірге мақаланың деректік базасын қазақ тілінің стилистикасын зерттеуге арналған ғылыми еңбектер құрайды. Тақырыпты жан-жақты ашып көрсетуде және көркемсөз тілдік бірліктерінің өзара байланысын зерттеуде жүйелі талдау әдісі, жалпыдан жекеге немесе жекеден жалпыға өту үрдісін сипаттайтын ғылымда танымал индукция және дедукция тәсілдері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Көркем әдебиет стилін зерттеу филология ғылымы саласында қызу пікірталасқа толы тақырыптардың бірі екенін айтпасақ болмайды. Бірқатар әдебиеттанушы ғалымдар көркемсөз стилін жеке дара термин ретінде қолдану қажет емес деген пікір білдіреді. Көркем әдебиет тіліне ерекше мәртебе беру қажеттігін қолдайтын ғалымдар, әдебиет тілі мен көркем әдебиет тілін теңестіріп қарастыруға болмайтынын атап көрсетеді. Олар көркем әдебиет тілі стильдік әртүрлілігімен және тілдік құралдардың түрлі стилистикалық бояуымен ерекшеленетінін, сондай-ақ көркем әдебиет тілінің практикалық тілге тән емес ерекше – эстетикалық функцияны орындайтындығын алға тартады. Ал олардың қарсыластары бұл тұжырымдарды жоққа шығара отырып, көркем әдебиет тілінің жүйелілік сипатын көрсетеді. Олардың пікірінше, көркем әдебиет тілі кез келген тілдік құралдарды көркем суреттеу құралына айналдырады [1].

Жоғарыда айтылғандай әдеби тілдің өзінің табиғи құрылымы көркем, күрделі болып келетінін және оны жеке стилистикалық тұрғыдан бөліп көрсетудің қажеті жоқтығын бірқатар тілтанушы ғалымдар алға артады. Атап айтқанда, осы салада бір топ зерттеуші ғалымдар – Л. Н. Максимов, Н. М. Шанский, Н. А. Мещерский, К. А. Панфилов және тағы басқалары көркем әдебиет тілін функциональдық стильдерден тыс, мүлдем бөлек тілдік құралдар жүйесі деп қарастырады. Ал келесі бір тіл саласында зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдар өкілдері Р. А. Будагов, А. И. Ефимов, И. Р. Гальперин, Э. Г. Ризель, М. Н. Кожина, Б. Н. Головин, А. Н. Васильева, Д. Э. Розенталь, А. Н. Гвоздев көркем әдебиет стилін басқа стильдермен «терезесі тең», себебі көркем әдебиет



те тіл қолданудың аясы болып табылады әрі әлеуметтік қызмет атқаруға қатынасады, ал эстетикалық қызметі сол әлеуметтік қызметтің бірі деп санайды [2].

Біздің пікірімізше терминнің өзіне нақты назарды аударып, соның төңірегінде бір шешімге келе алмаушылық ғылыми жағынан алып қарағанда объективті үрдіс саналғанымен, ғалымдар үшін қазақ тілі мен әдебиетін заман талабына сай дамуында көркемсөз стилистикасының атқаратын қызметі мен рөліне баса мән беру қажет. Осыған орай бүгінгі күні заманауи жасанды сана мен машиналық оқыту технологиялары көркем стильді талдаудың жаңа тәсілдерін көпшілік қауымға ұсынып отыр. Оған мысал ретінде автордың көркемсөз стилін талдауда семаникалық тәсілді айта аламыз. Жасанды сана кез келген автордың жазу тілінің лексикалық, синтаксис, типтік метафоралар мен сөз тіркестері сияқты бірегей ерекшеліктерін анықтай алады. Семантикалық талдау әдісі цифрлы технологиялар көмегімен мәтіннің тақырыптық құрылымын зерттей отырып, қай тақырыптар желілерде жиі талданатынын және олардың бір-бірімен өзара ішкі байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

Мәселен, Асамбаев Т.Ж. «Жасанды интеллект негіздері» атты өзінің оқулығында «Жасанды интеллектің жаңа теориясында: логика, фреймдер, семантикалық желілер, нейрон желілер және т.б. сияқты бірнеше негізгі модель топтарын пайдалынады. Бүгін логикалық модель өзінің тәжірибелік нәтижесі және нақты техникалық құрылғыларға енгізу дәрежесі бойынша маңызды орын алып отыр. Модель өзінен-өзі біртекті емес және әртүрлі оншақты теорияларды өзіне қосады» – деген пікір білдіреді [3].

Келесі бір ғылымда кең таралған жаңа тәсілдердің бірі ол – эмоциялық талдау соңғы уақытта көп қолданысқа ие. Бұл заманауи технологияның көмегімен мәтіннің эмоционалдық мазмұнын талдауға арналған. Әсіресе, эмоционалдық реңкті, көңіл-күйді және эмоционалдық фондағы өзгерістерді айқындап береді. Мәселен, осы әдіске сүйене отырып қазақтың кемел жазушысы Мұхтар Әуезов шығармаларында табиғат бейнелеріне жүгіну жиілігін және олардың ұлттық колорит жасаудағы рөлін анықтауға қолжеткізуге болады. Сонымен қатар басқа да көркем туындылардағы кейіпкерлердің эмоционалдық қарқындылығы мен психологиялық тереңдігінің динамикасын аша алады. Осылайша, қазіргі таңда жасанды сана көмегімен үлкен мәтіндерді талдауды жылдамдатуға мүмкіндік алып отырмыз және дәстүрлі әдістермен байқау қиынға соғатын көркем әдеби заңдылықтарын анықтауға болады.



Зерттеудегі жаңа ізденістер. Қазіргі отандық әдебиеттану саласында көркемсөз стилистикасы бойынша тың бағыттар мен жаңа ғылыми ізденістер пайда болуда. Олардың көркем сөздің біз білетін бұрынғы зерттеу әдістерінен өзгешеленетін тұстары жоқ емес, сол сияқты зерттеу тақырыбының күрделі қырларын тереңірек аша түседі. Ең алдымен қазіргі уақытта танымал мультимәдениеттілік және мәдениетаралық стилистикаға кеңінен тоқталар болсақ. Әдеби туындылардағы әртүрлі мәдени әсерлерді, басқа ұлттардың қолданатын тілдік ерекшеліктерін зерттеу отандық және шетелдік ғылыми қауымдастық арасында ерекше қызығушылық тудырып отырған бағыт. Бұл қазақ әдебиетінде басқа халықтың мәдениеттерімен өзара үндесіп жатқан алуан түрлі мәдени элементтерді бейнелейтін шығармаларды талдауға мүмкіндік береді.

Профессор Нұргелді Уәлидің айтуы бойынша, тіл біздің санамызда дүниені бейнелеп қана қоймайды, тіл арқылы біздің санамызда бейақиқат (идеалды) дүниенің негізі қаланады. Тіпті ақиқат дүниемен ісі болғанға дейін де санада тіл арқылы «екінші» ақиқат дүниенің жобасы жасалады. Әр тіл ақиқат дүниенің санадағы жобасын өзінше жасайды. Кім қай тілде сөйлесе, ақиқат дүниені сол тілдің тұрғысында түсінеді. Тіл арқылы санада «екінші ақиқат дүние» – идеалды дүние қалыптасады. Сонымен, ақиқат дүние санада белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдыстықтың) тілдік ерекшелігіне қарай жасалады. Белгілі бір ақиқатты әр тіл өзіндік тәсілмен бейнелейді. Егер белгілі бір объекті бірнеше ұғымдар жүйесін қамтыса, сол мәдениет (мәдени қоғамдастық) үшін әлгі объект ерекше маңызды деп саналады [4].

Көркем шығармалар мәдениетпен тікелей байланысты болғандықтан, тарих, ұлттық психология, ұлттық мінез-құлық, яғни мәдениеттің барлық құрамдас бөліктері туралы мәліметтерді сақтайтындықтан, мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде маңызды рөл атқарады. Бұл позициядан шығарманы «оқырманда автоматты түрде оятатын, белгілі бір мәдениеттің дәстүрінде тәрбиеленетін, тек тікелей бірлестіктер ғана емес, сонымен қатар жанамалардың да көп саны бар нақты белгілердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Өз кезегінде шығарманы құрастыру ережелері оның пайда болатын мәдени контекстіне байланысты» [5].

Жаһандану заманында мәдени саналуандылық пен өзара ықпалдастық жағдайында шет ел халықтарының көркем әдебиетінде де мәдениетаралық байланыстарды зерттеу ерекше мәнге ие болып отыр. Әдебиеттану саласында зерттеудегі осы сияқты жаңа ізденістер әдеби дәстүрлердің әртүрлілігі мен



олардың өзара әрекеттестігі туралы білімді кеңейтеді. Сонымен қатар мәдени, тарихи және әлеуметтік контексттердің әдеби шығармашылыққа әсерін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Әлем әдебиетіндегі мәдениетаралық байланыстарды зерттеу мультимәдени түсініктерді дамытуға, әртүрлі мәдениеттер арасындағы толеранттылық пен сыйластықты нығайтуға ықпал етеді [6].

Жоғарыда айтылған мультимәдениеттілік және мәдениетаралық стилистика әртүрлі мәдени орталар арасында көпір құрудағы әдебиеттің рөлі арттырады және басқа халықтармен сұқбат пен идеялар алмасуды ынталандыра түсетіні анық. Әртүрлі мәдени контексте әдеби шығармаларды аудару мен түсіндіруге байланысты мәселелерді зерттеу де осы тақырыптың маңызды аспектісі болып табылады. Әдебиеттегі мұндай байланыс түрлерін зерттеу әдебиет пен мәдениет туралы жалпы білімнің әлемдік ауқымда кеңеюіне ықпал етеді [7]. Мәдениетаралық диалогтағы әдебиеттің рөлін тану әдеби тәжірибелер мен идеялар алмасу, аударма тәжірибесі мен заманауи интерпретация тәсілдерін дамыту үшін алаңдарды құру бойынша күш-жігерді арттыруды талап етеді. Бұл әртүрлі мәдени дәстүрлер арасындағы байланысты нығайтудың, мәдениетаралық түсіністікті қалыптастырудың, жеке шығармашылықты дамытудың және заманауи әлемде бейбіт қарым-қатынастарды ілгерілетудің жалғыз жолы.

Қорытынды. Жоғарыда айтылған ойларды түйіндей келе көркемсөз стилистикасы әдеби шығармалардың астарлы мән-мағыналық құрылымын, әсерлілігі мен ұлттық болмыс бітімін ашатын ғылыми бағыт екені анықталды. Қазіргі зерттеу еңбектері оның шеңберін одан әрі кеңейтіп, қазақ халқының көркем әдебиетінің эстетикалық және мәдени құндылықтарын заманауи озық тілдік тәсілдермен зерттеуге жол ашылып отырғандығы көрсетілді. Осы мақаланы жазу барысында біршама заманауи технологиялардың, соның ішінде жасанды санының әдебиет саласының дамуына қосатын үлесіне сараптама жасауға талпыныс жасалынды. Нәтижесінде көркем әдебиет стилистикасы саласында әлемдік және отандық ғалымдардың көп жағдайда көзқарасының бір ортаға тоғысы бермейтіндігі айқындалып, автор тарапынан өзіндік баға берілді.

Осы орайда, мақала шеңберінде зерттеу барысында жаңа әдістер мен әдістемелерге шолу жасалынды. Көркемсөз стилистикасын зерттеу барысында жеке-жеке тоқталған заманауи әдіс-тәсілдер әдебиеттегі стильдік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге, оқырманға жаңа қырынан әсер етуге мүмкіндік береді. Соның бірі бүгінгі күні танымал мультимәдениеттілік және



мәдениетаралық стилистикаға ерекше мән берілді. Бұл әдеби шығармалардағы әртүрлі әсерлерді, басқа ұлттардың қолданатын тілдік ерекшеліктерін зерттеу отандық және шетелдік ғылыми қауымдастық арасында ерекше қызығушылық тудырып отырған бағыт. Сондықтан осы бағыт бойынша алдағы уақыта отандық әдебиеттанушы және тілтанушы саласында ізденіп жүрген жас ғалымдар ғылыми зерттеулерді жүргізуді одан әрі қарай жалғастыру керек деп санаймын.

Әдебиеттер

1. Гусева Л.А. Художественный стиль: терминологические коллизии и преподавание курса стилистики русского язык // Ярославский педагогический вестник. – 2015. - № 4. - С. 100-105.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан даму институты. – 1998. - 509 б.
3. Асамбаев А.Ж. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір». - 2011. - 136 б.
4. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. «Ақиқат дүние – адам - тіл» формуласы және мәдениеттегі сөз стильдері. Қазақстан ашық университеті. https://openu.kz/storage/lessons/1080/tl-zhne-mdeniataraly-kommunikaciya_4_lecture.pdf [Қаралған уақыт: 15.11.2024].
5. Салимьянова В.И. Межкультурная коммуникация черех художественные произведения. <https://www.alba-translating.ru/ru/ru/articles/2020/salimyanova-2020.html> [Дата обращения: 17.11.2024].
6. Курбан Е.Н. Межкультурное взаимодействие и межкультурная коммуникация: к определению аспектов // Социум и власть. - 2013. - №1. - С. 97–101.
7. Пожилов Р.В., Горин И.В. Межкультурные связи и взаимодействие в литературе зарубежных стран. <https://scipress.ru/philology/articles/mezhkulturnye-svyazi-i-vzaimodejstvie-v-literature-zarubezhnykh-stran.html> [Дата обращения: 17.11.2024].